

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасы Үкіметінің арасындағы Мәдени ынтымақтастық туралы келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 15 сәуір N 441

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:
1994 жылғы 18 қаңтарда Алматыда қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасы Үкіметінің арасындағы Мәдени ынтымақтастық туралы келісім бекітілсін.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасының Үкіметі арасындағы мәдени ынтымақтастық туралы
КЕЛІСІМ**

(1997 жылғы 24 ақпанда күшіне енді - СІМ-нің ресми сайты)

Бұдан әрі "Уағдаласушы Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Словения Республикасының Үкіметі, екі ел арасында білім, мәдениет және ғылым саласындағы ынтымақтастықты дамыту ниетін көздей отырып, мұндай ынтымақтастық өзара жақсырақ түсінісуге және әр түрлі деңгейлердегі қатынастарды нығайтуға жәрдемдесетіндігіне кәміл сене отырып, мына төмендегілер жайында келісті:

1-бап

Уағдаласушы Тараптар білім, мәдениет, ғылым, спорт, туризм және бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы өзара ынтымақтастық пен қарым-қатынастарды дамытады, сөйтіп осы мақсаттарда университеттер, басқа да оқу орындары, мәдениет мекемелері мен ұйымдар арасындағы тікелей ынтымақтастық пен қарым-қатынастарды қ о л д а й д ы ,

Олар сондай-ақ университет профессорларын, студенттер, ғалымдар, сарапшылар және артистер алмасуға да қолдау жасайды.

2-бап

Уағдаласушы Тараптар, өз мүмкіндіктеріне қарай, өзаралық негізінде оқу мен стажировкаға арнап стипендия береді.

3-бап

Уағдаласушы Тараптар екінші Тараптың тілін оқытуға және үйретуге қолдау жасайды.

4-бап

Уағдаласушы Тараптар дипломдарды, университеттік дәрежелер мен академиялық атақтарды өзара тану мүмкіндіктерін қарастырады.

5-бап

Уағдаласушы Тараптар екінші Тараптың мәдениеті туралы білімді кеңейтуге ықпал жасап, мәдениеттің барлық нысандары саласындағы қарым-қатынастарды қолдайды.

6-бап

Уағдаласушы Тараптар баспасөз агенттіктері арасындағы тікелей ынтымақтастықты қолдайды.

7-бап

Ғылым, ғылыми-зерттеулер және технологиялар саласындағы ынтымақтастық жөнінде жеке келісіледі.

8-бап

Уағдаласушы Тараптар екі Уағдаласушы Тараптың жастары мен жастар ұйымдары арасындағы қарым-қатынастарды көтермелеп отырады.

9-бап

Уағдаласушы Тараптар спорт ұйымдарының ынтымақтасуына және екі елдің әрқайсысындағы спорт шараларына қатысуға жәрдемдеседі.

10-бап

Уағдаласушы Тараптар өз аумақтарында қолданылып жүрген заңдар мен ережелердің шеңберінде, екінші Тараптың келісуі бойынша өкілдердің келуіне, болуына және кетуіне, сондай-ақ осы Келісімге сәйкес жүзеге асырылатын айырбас

жасау бағдарламаларының орындалуына қажетті материалдар мен жабдықтардың әкелінуіне жәрдемдеседі.

11-бап

Осы Келісімді жүзеге асыруға байланысты шараларды қарау үшін Уағдаласушы Тараптардың өкілдері қажет болған жағдайда немесе екінші Тараптың өтініші бойынша Бірлескен Комиссия шеңберінде кездесетін болады.

12-бап

Осы Келісім қол қойылған сәтінен бастап уақытша қолданылатын болады және оны екі елдің құзыретті органдары бекіткені туралы жазбаша хабарлама алмасқан күннен б а с т а п к ү ш і н е е н е д і .

Осы Келісім бес жыл мерзімге жасалып отыр. Егер Уағдаласушы Тараптардың бір де бірі дипломатиялық арналар арқылы екінші Тарапқа өзінің оны бұзғысы келетіні жөнінде тиісті мерзімі біткенге дейін кемінде алты ай бұрын жазбаша түрде хабарламаса, онда оның қолданыс мерзімі өздігінен бес жылдық кезеңге ұзартылады.

Алматы қаласында 1994 жылы 18 қаңтар екі данада, әрқайсысы қазақ, словен және ағылшын тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық текстің де күші бірдей.

Осы Келісімді түсіндіруде алшақтық туған жағдайда Уағдаласушы Тараптар ағылшын тіліндегі тексті басшылыққа алатын болады.

*Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін*

Словения Республикасының

Үкіметі үшін